

5. **Koenig, K.** Transformation of Public Administration: a new chapter on the management of science / public service. Scientific approach. Foreign experience. Vyp.9. - M.: RAGS, 1995. - P. 26-27.
6. **Ilyin, M. V.** Ideal model of political modernization and the limits of its applicability. – M.: MGIMO, 2001. - 425 p.
7. **Ivatova, L.M.,** Abahanova, K. Sh. The current state of the system of training personnel administrative public service of the Republic of Kazakhstan / Proceedings of the Annual International Scientific and Practical Conference for Young Scientists «Thought Leadership in Kazakhstan: A Look into the Future», 15 March 2015. - P. 59-63.
8. **Turkish, N. N.** Electronic database of legislation of Kazakhstan - a step towards the legal culture / Formation of legal culture in Kazakhstan within the framework of the concept of legal policy: problems and prospects. Materials of the republican conference. - Astana, 2010. - 210 p.
9. Law of the Republic of Kazakhstan dated 15 April 2013 № 88-V «On state service» (revised amendments as of 06.04.2016 was) // <http://online.zakon.kz>.
10. **Message** of President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev to people of Kazakhstan «Kazakhstan's way - 2050: Common goal, common interests, common future», January 17, 2014 // <http://www.akorda.kz>.
11. **Baymenov, A. M.** Public Service. International experience. Kazakhstan model. - Astana: Folio, 2000. - 263 p.
12. **Smagulov, D. E.,** Zhampeisov, D. A., Kairbekuly, A. Actual problems of the legal framework of public service in the Republic of Kazakhstan. - Semei, 2015. - 84 p.

Сведения об авторах:

Укин Сымбат Кенжебекович – заведующий кафедрой теории государства и права, кандидат юридических наук, Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова, г. Костанай, ул. Байтурсынова 47, тел. 87142390627, факс: 87142511153; e-mail: justitia8@mail.ru.

Шокаев Рустем Кукешевич – магистрант Костанайского государственного университета имени А.Байтурсынова специальности 6M030100 – Юриспруденция, г. Костанай, ул. Байтурсынова 47, тел. 87142390627, факс: 87142511153; e-mail: shokaev94@mail.ru.

Ukin Symbat Kenzhebekovich - Head of the Department of Theory of state and Law, candidate of Law, Baytursynov Kostanay State University, Kostanay, Baytursynov street 47, phone: 87142390627, fax: 87142511153; e-mail: justitia8@mail.ru.

Shokaev Rustem Kukeshovich – candidate for Master's degree by specialty 6M030100 – Law, A.Baitursynov Kostanay State University, Kostanay, Baytursynov street 47, phone: 87142390627, fax: 87142511153; e-mail: shokaev94@mail.ru.

Укин Сымбат Кенжебекұлы – мемлекет және құқық теория кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Қостанай қ., Байтұрсынов 47, тел. 87142390627, факс: 87142511153; e-mail: justitia8@mail.ru.

Шокаев Рустем Кукешұлы – 6M030100 – Құқықтану мамандығының магистранты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Қостанай қ., Байтұрсынов 47, тел. 87142390627, факс: 87142511153; e-mail: shokaev94@mail.ru.

УДК 343.72: 336.77

БАНКТІК НЕСИЕЛЕУ ШЕҢБЕРІНДЕ БОЛАТЫН АЛАЯҚТЫҚТЫ ЖАСАУ ӘДІСТЕРІНІҢ КРИМИНАЛИСТІК МІНЕЗДЕМЕСІ

Хакімова Г.Е. - А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, заң ғылыми кандидаты, доцент

Алаяқтық, яғни бөтен мүлікті ұрлау, алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен бөтен мүлікке құқықты иелену меншікке қарсы қылмыстарға жатады.

Бұл мақалада банктік несиелеу шеңберінде жасалған алаяқтықтың криминалистік мінездемесі беріліп отыр. Қылмыстың ең маңызды және криминалистік мінездемесінің айқындаушы элементі болып, оның жасалуының әдістерін сипаттаушы мәліметтерінің жиынтығында. Мақалада банктік несиелеу шеңберінде жасалған алаяқты жасау әдістері қарастырылған. Қылмысты жасау амалы, қылмыс құрамының объективті жағының қажетті элементі болып табылады және оның қылмыстық құқықтық сипаттамасына енеді, ол кей кезде біліктілік жағдайы болады. Амал-тәсіл

банктік қылмыстардың криминалистік мінездемесін айқындайтын және маңызды элементі болып табылады.

Экономикалық қатнастарды дамыту кезеңінде, банктік және банктік емес құрылымдарда заманға сай техникалық жетістіктерді пайдалана отырып, жаңа қызмет беру нысандарының пайда болуы жаңа экономикалық қылмыстардың пайда болуына да себесін болуда. Бұл құбылыс, тұрақты түрде әртүрлі хабарламылық операциялардың көбеюімен және оларды реттеуші нормалардың жоқтығымен сипатталады. Қаржы-несиелік жүйедегі нарықтық қатынастарға көшу кезеңінде криминалдық қызмет елдің әлеуметтік-экономикалық саласында болып жатқан өзгерістер есебімен қылмыстық тұлғалармен тұрақты жетілдірілетін қылмыстардың жаңа тәсілдерінің пайда болу динамикасымен сипатталады.

Кілтті сөздер: алаяқтық, банктік несиелеу, қылмыс, алаяқты жасау әдістері, криминалистік мінездемесі.

КРИМИНАЛИСТИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА СПОСОБА СОВЕРШЕНИЯ МОШЕННИЧЕСТВА В СФЕРЕ БАНКОВСКОГО КРЕДИТОВАНИЯ

Хакимова Г.Е. – кандидат юридических наук, доцент, Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова

Мошенничество, т.е. хищение чужого имущества или приобретение права на чужое имущество путем обмана или злоупотребления доверием, относится к преступлениям против собственности.

В статье дается краткая криминалистическая характеристика мошенничества, совершенного в сфере банковского кредитования. Важнейшим элементом криминалистической характеристики преступления является совокупность данных, характеризующих способ его совершения. В статье рассматриваются способы совершения мошенничества в сфере банковского кредитования. Способ совершения преступления является необходимым элементом объективной стороны состава преступления и входит в его уголовно-правовую характеристику, а иногда служит и квалифицирующим обстоятельством.

Способ - определяющий элемент криминалистической характеристики банковского преступления. В период развития экономических отношений, появления новых форм функционирования банковских и внебанковских структур с использованием современных технических достижений появляются и новые способы экономических преступлений. Это явление обусловлено разнообразием и постоянным ростом количества выполняемых информационных операций и практическим отсутствием их регулирования нормами закона. Криминальная деятельность в финансово-кредитной системе на переходном этапе к рыночным отношениям характеризуется положительной динамикой появления новых способов преступлений, которые постоянно модернизируются преступными лицами с учетом происходящих изменений в социально-экономической сфере страны.

Ключевые слова: мошенничество, банковское кредитование, преступление, способ мошенничества, криминалистическая характеристика.

THE CRIMINALISTIC CHARACTERISTIC OF THE MODUS OPERANDI OF FRAUD IN THE FIELD OF BANK LENDING

Khakimova G. - Candidate degree in jurisprudence, assistant professor, Kostanay State University im. A. Baytursynova.

Fraud, in other words theft of another's property or acquisition of right to another's property by false pretenses or abuse of trust is one of the type of criminal infraction against property

In the article is given a criminal legal characteristic of fraud in the field of bank lending. The author analyses method of fraud in the field of bank lending. The modus operandi is a necessary element of the objective aspect of crime and it is included in criminal and legal characteristic, and sometimes the way of crime commission is also the qualifying circumstance.

The way of crime commission is the major and defining element of the criminalistic characteristic of a banking crime., Emergence of new forms of functioning of banking and extra-bank authorities with use of modern technical achievements during development of the economic relationships, appears also new ways of economic crimes. This phenomena is caused by a diversity and steady increase of number of the information operations and lack of the adequate legislation.

Keywords: swindle, banking crediting, crime, method of swindle, криминалистическая характеристика.

Қылмыстың ең маңызды және криминалистік мінездемесінің айқындаушы элементі болып, оның жасалуының әдістерін сипаттаушы мәліметтерінің жиынтығында. Алаяқтықтың криминалистік мінездемесінің элементтерінің ішінде қылмысты жасау амалы анықтаушы болып табылады, сондықтан оны нақтырақ қарастырамыз.

Белгілі болғандай, қылмысты жасау амалы, қылмыс құрамының объективті жағының қажетті элементі болып табылады және оның қылмыстық құқықтық сипаттамасына енеді, ол кей кезде біліктілік жағдайы болады. Бұл дәлелдеу пәнінің мінездемесіне де жатқызылады, яғни процессуалды да маңызда болады. Бұл дегеніміз оны екі нысанда қарастыруға болатынын көруімізге болады: жалпы алғанда, қылмысты тергеуде жекелеген криминалистикалық әдістемені құруда және жекеше нысанда алаяқтықты тергеуге жәрдемдеседі, өйткені жалпы мен қоса жекелеген болжамдарды алдыға қоюдың негізі болып табылады. Бұл санатта тергеудің бағытын анықтауға сонымен қатар, қылмысты тергеуде және басқа да сұрақтарды қарастыруға әсер етеді. Шавер Б.М. айтуынша, «қылмыстың жекелеген түрлерін тергеу әдістемесі, әрқашан қылмысты жасау әдістерімен анықталады. Жекелеген тергеу сұрақтарын қарастыруда әрқашанда қылмысты жасау әдістемесінен оны ашу әдістемесіне қарай жылжуға тура келеді» [1]. Бұл дегеніміз, әдістеме арқылы қылмыстық актінің көрініс процессін байқауға болады. Онда, айнадағыдай, тұлғаның қылмыстық әрекеті, оның мотиві және мақсаты, сонымен қатар, оның қылмыстық қол сұғушылықтың тікелей объектісі және қылмыс ізінің суреті көрінеді.

Нарықтық қатынастарға көшудің өтпелі кезеңінде қаржылық – несиелік жүйеде криминалдық әрекеттердің, сондай-ақ, еліміздің әлеуметтік – экономикалық өзгерістерін ескере отырып, қылмыстық тұлғалардың тұрақты түрде жаңғыртылып отырылатын қылмыстардың жаңа амалдарының оңтайлы динамикасымен сипатталады.

Алаяқтық, яғни бөтен мүлікті ұрлау, алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен бөтен мүлікке құқықты иелену меншікке қарсы қылмыстарға жатады.

Республикада криминогендік жағдайдың маңызды шиеленісу аясында алдау және сенімді теріс пайдалану жолымен жасалған алаяқтық қылмыстар және экономика қызметі саласында қылмыстың басқа да түрлері таралып келеді, бірақ бұл қылмыстар қылмыстық кодекске сай баптармен қарастырылған қылмыстардың басқа түрлерін көрсетеді.

Меншікке қарсы қылмыстардың құрамында алаяқтықтың үлес салмағы зор емес, соңғы жылдарда алаяқтықтың өсу үрдісі байқалуда. Алайда алаяқтықтың қоғамдық қауіптілігі тез өсті: мемлекеттік ұйымдарға қатысты, коммерциялық құрылымдарға және азаматтарға қатысты осындай тектегі қылмыстық әрекеттер үлкен материалдық нұқсан келтіреді.

Соңғы жылдарда алаяқтық іс-әрекеттердің келесі тәсілдері таралып келеді: жалған құжаттар жасау бойынша банктік несие алу, тұрғын үймен жалған мәмілелер жасау (сату, айырбастау, жалға беру, кепіл салу); банкоматтардан ақша алу үшін бөтен немесе жалған несиелік пластикалық карточкаларды пайдалану; сауда орындарында тауарларды жалған сатып алу; валюта айырбастау кезінде алдау; шекаралық төлқұжаттарды, бұрыштамаларды (визаларды) ресімдеу; қамтамасыз етілмеген акцияларды және құнды қағаздардың суррогаттарын сату және т.б.

Қазақстанда, ТМД-ның басқа да елдерінде жаңа экономикалық қатынастар алаяқтық іс-әрекеттердің жаңа түрлерімен ілесіп келеді. Алаяқтықтың дәстүрлі түрлері заман талабына сай сақталып және жетіліп келеді. Бүгінгі таңда алаяқтар жеткілікті жоғары кәсіпқойлық пен техникалық жарақтандырумен ерекшеленеді.

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге жедел әсер ете отырып, сол сияқты халықтар мен саудагерлерде қажетті құқықтық білімнің болмауын ескере отырып, алаяқтар коммерциялық шетелдік байланыстарды, жекешелендірулерді тұтастық инвестициялар мен несиелік-банктік қатынастармен жүзеге асыра отырып, құнды қағаздар нарығына байланысты алдау тәсілдерін әзірлеп, енгізуде.

Қаржы-несиелік жүйедегі нарықтық қатынастарға көшу кезеңінде криминалдық қызмет елдің әлеуметтік-экономикалық саласында болып жатқан өзгерістер есебімен қылмыстық тұлғалармен тұрақты жетілдірілетін қылмыстардың жаңа тәсілдерінің пайда болу динамикасымен сипатталады.

Сот-тергеу тәжірибесі көрсететіндей қаржы-несиелік қатынастар саласында қылмыстық алаяқтықтар мынадай құқықтық іс-әрекеттерге қарсы жолдармен жүзеге асырылуда:

1. Жасанды тұлғалардың несие алу мақсатымен жалған кәсіпорындар құруы;
2. Қаржылық қызметке көз қызығушылық тудыратын жалған шарттар мен басқа да құжаттарды дайындау (жиі жағдайда жалған баланстар жасалады және т.с.с.);
3. Несиелік сұраныстың негіздемесіне жалған құжаттарды дайындау: тұжырымды мәмілелер туралы шарттар, күменді бизнес-жоспарлар, несиелік қаражаттарға байланысты алдағы инвестициялардың техникалық-экономикалық негіздемесі;
4. Төмен пайызды мөлшер бойынша жеңілдік жағдайлармен несие алуға құқығы бар жалған құжаттарды беру;
5. Кем немесе кепіл салынған мүлікке қайта кепіл салу түрінде беру, сол сияқты мүлік несиесін алушыға жатпайтын алаяқтық іс-әрекеттер;

6. Мемлекетті немесе коммерциялық құрылымдардың атынан кепіл хаттарды заңсыз немесе жалған алу жолымен несие қаражаттарын қайтаруды қамтамасыз ету кезінде беру;

7. Несие алу үшін табыссыз кәсіпорындарды сатып алу, яғни осы залалды кәсіпорындарға қаражат жұмсау үшін бағытталады, алайда бұл ақшалар пайдакүнемдік мақсатпен иемделініп немесе пайдаланылып келеді;

8. Банктік қаражаттарды ұрлау мақсатында жалған авизоларды пайдалану.

Экономика саласындағы алаяқтықтың қазіргі деңгейі келтірілген зиянның таралу және көлем масштабтары, ұйымдастырушылық деңгейі және жасырын әрекет дәрежесі бойынша, қол сұғушылық объектілері және ізге түсуден қорғау тәсілдері бойынша бұрын белгілі құқық қорғау органдарынан бөтен мүлікті иемденудің дәстүрлі тәсілдерімен сапалы ерекшеленеді. Ол мәні бойынша, қылмыстық бизнестің жаңа түрі – коммерциялық алаяқтық болып табылады.

Ақша айналымы, несие және банктік қызмет саласында алаяқтық деп қылмыскердің (және онымен байланысты тұлғалардың) алдау немесе біреудің сеніміне кіре отырып, өзінің, сондай - ақ үшінші тұлғалардың пайдасына алу ойымен мүлкін ұрлау үшін қылмысқа дайындалу, қылмысты жасау және сол қылмысты жасыру мақсатындағы бірегей түпкі ниеті; объективті (мемлекетте, аумақта экономикалық қатынастардың құқықтық реттелу жағдайымен, мемлекеттік институттары қызметтерінің нәтижелілігімен, кадрлық саясатпен, кәсіпорындарда есепке алу және есеп беру жүйесімен, ұйымдар, кәсіпорын, мекемелер, банк және басқа да ұйымдардың криминогендік сырқаттану деңгейімен) және субъективті (алаяқтардың жоғары ой - қабілетінің дамуы, көпшілігінің жоғарғы білімінің болуы, өртістіктігі, сенімге кіре білу қабілеті) факторлармен төмендетілуі; компьютерлік, көбейткіш, көшірме техникаларын, пластиктік карталар, кредиттік карталар, несиелік авизо және тағы басқа да құралдар мен амалдарды пайдалана отырып жасалуымен байланысты. Амал-тәсіл банктік қылмыстардың криминалистік мінездемесін айқындайтын және маңызды элементі болып табылады. Экономикалық қатнастарды дамыту кезеңінде, банктік және банктік емес құрылымдарда заманға сай техникалық жетістіктерді пайдалана отырып, жаңа қызмет беру нысандарының пайда болуы жаңа экономикалық қылмыстардың пайда болуына да себепші болуда. Бұл құбылыс, тұрақты түрде өртүрлі хабарламылық операциялардың көбеюімен және оларды реттеуші нормалардың жоқтығымен сипатталады.

Несиелік – қаржылық жүйені реттейтін заңнаманың жеткіліксіздігі, экономиканың осы саласындағы қылмыстардың жасалуына мүмкіндік туғызып қана қоймайды, сонымен қатар, осындай қылмыстардың туындауына себепші болып келеді.

Қазіргі уақытта банкте қызмет атқарушы тұлғаларға банктік қызметтерді заңды түрде жүргізгеннен гөрі, қылмыстық әрекетпен айналысқан тиімдірек.

Көбінесе, коммерциялық банктер қаражаттарды шоғырландыру және оны ұрлау үшін құрылады. Көптеген жағдайларда, алаяқтық әрекеттер жасалғанда, қылмыскерлермен өртүрлі сандық және сапалық комбинациялармен сипатталатын, қылмыстардың дәстүрлі түрлері бойынша заңи тәжірибеде жақсы танымал бірнеше негізгі амалдар қолданылады.

Олардың өзгертіліп отыруына және қисындық байланыстарды тұрақты түрде қиындатып отыруға байланысты, қылмыскердің әрекетінің қиындатылған алгоритмінің болуы ерекшелігімен сипатталатын, аса жетілдірілген жаңа амал - тәсілдер пайда болып отырады.

Несиелік салада жасалатын алаяқтық әрекеттер біршама өртүрлі болып келеді. Алаяқтық әрекеттерді жасаудың негізінде қылмыскерлердің көпқилы және көпсатылы қаржылық - экономикалық байланыстарды, мемлекеттік жұмыскерлердің, жеке фирмалардың және қарапайым азаматтардың біліктілігінің төмендігін, заңи құзіретсізділігін, салғырттығын, жауапкершіліктің төмендігін және аса сенімшілдігін шебер пайдалануында жатыр. Онымен қоса, алаяқтар заңның кез-келген жеткілікті түрде дамымаған саласын және мемлекеттің қаржылық-экономикалық жүйесінің жетілдірілмеген аясын өз пайдаларына қолданады.

Банктік жүйеде алаяқтықтың жасалуы амалдарын жүйелі-құрылымды түрде зерттеу және алаяқтардың әрекеттерінің (алгоритмді сәйкестендіру көзқарасымен) мінездемесін күрделі саралау арқылы, көптеген алаяқтардың әдетте қылмысты жасау амалдары құрылымының үшбуынды (субъектінің қылмыс жасағанға дейін, жасау барысында және жасалғаннан кейінгі жүріс тұрыс қимылын қоса алғанда) қолсұғушылығының болуын көруімізге болады, атап айтсақ:

- а) дайындық кезеңі;
- б) алаяқтықты тікелей жүзеге асыру;
- в) қылмысты жасыру (бүркемелеу).

Көрсетілген алаяқтық кезеңдері, бірін-бірі алмастырып отыратын, дәйекті түрде келіп тұратын, өз бетімен әрекет ететін элементтер болып табылмайды. Олар нақты уақыттық шекарамен бөлінбеген. Атап айтсақ, ұрлауды бүркемелеу уақыты бойынша оған дайындық уақытымен сәйкес келуі мүмкін, егер қаскүнемдік жасаушы тұлғалар қылмысты жасамас бұрын алаяқтықты жасыру амал - тәсілдерін қолданса. Дей тұрғанмен, әдістемелік мақсатта ұрлау амалдарының элементтерін осылай бөліп қарастыру аса маңызды болып саналады, өйткені әр қайсысы өз іздерін қалдырады және оларға сәйкес дәлелдемелер көмегімен айқындалады.

Алаяқтық жасауға дайындық кезеңінде операцияны жүргізу кестелері жасалады, оны жасауға бағытталған ұйымдастырушылық және техникалық шаралар өткізіледі, жалпы қаржыландыру жүргізіледі,

Банктік қызмет саласындағы алаяқтықты жасауға дайындық кезеңінің негізгі міндеті, ақшалай қаражатты қылмыстық алу мен қылмысты жасыру мақсатындағы барлық шаралардың сәтті жүзеге асырылуына қажетті жағдай жасау. Қылмысқа дайындақ кезеңін реттеу механизмі екі өте маңызды ерекшеліктерден тұрады: а) алаяқтыққа дайындалу және орындауда уақыттық фактор банктік жүйеге қылмыстық сипаттағы жоспарланған қолсұғушылықпен ұйымдастырушылық негіздің бар екенін көрсетеді; б) қылмыскерлердің тәжірибелік нысанда жақсы дайындалуы, құқыққорғау органдарының қудалауында өзін жақсы ұсатап, қарсы шыға алатынында (алаяқтықтың ең алғашқы кезеңі көбінесе заңдық экономикалық қызметпен сәйкес келеді).

Бірінші кезеңде алаяқтар қылмысты жасаудың материалдық базасын дайындаумен айналысады (жалған кәсіпорын тіркеуге шығындар, кәсіпорынның қызметін жалған имитация жасау үшін үшінші тұлғаларды жалдау, ғимаратты жалдау және тағы басқа шығындар), ақшалай қаражатты қылмыстық қолға түсірудің оңтайлы амалын таңдайды, қылмыстық топтың әр қайсысының және жалпы топтың қызмет механизмін анықтайды.

Жалған кәсіпорындарды қолдана отырып жасалатын алаяқтықтың жасалу амалдарын қарастыра келе, алаяқтық жалғандық салыстырмалы түде заңды болып келетінін көруімізге болады: кәсіпорынды құру заңдылығы, яғни, шаруашылық қызмет заңды қатысушысы, банкке жалған баланстар, жалған мәліметтер беру арқылы жасалынады.

Сонымен қатар, біреудің мүлкін иелену тікелей емес, заңдық тұлға атынан жасалады. Бұндай тәсіл алаяқтардың шынайы ниеттерін ашуды және оларды қылмыстық жауапкершілікке тартуды аса қиындатады, өйткені жәбірленушінің мүлкін пайдалану қаржылық – шаруашылық қызметімен айналысатын қарапайым заңдық тұлға атынан жүзеге асырылады.

Алдау немесе сеніміне кіру арқылы біреудің мүлкін иелену негізінен мүлік иегерін адастыру арқылы жасалады.

Көптеген жағдайларда, алаяқтық әрекеттер бүркемелеу әдістері де болып табылады.

Алайда, бүркемелеу қылмысты жасыру үшін емес, кінәлілерді іздеуді қиындату үшін жасалады. Және де банктік құжаттарды жалғандандыру, жасанды құжаттар ұсыну бүркемелеу мен жасыру мақсатында болмайды. Бұндай әрекеттердің көбісі (жалған коммерциялық құрылымдарды құру, жасанды немесе жалған құжаттар, хаттар, кепіл және т.б.) қылмысты жасыру үшін емес, сол қылмысты жасау тәсілі болып табылады, яғни алдау немесе сеніміне кіру арқылы біреудің ақшалай қаражатын заңсыз иемдену.

Біреудің мүлкін иелену бойынша тікелей әрекет ету әртүрлілігімен ерекшеленеді. Қылмыскерлердің алаяқтықты жасау негізіне қандай қаржылық – экономикалық операцияларды қояды, соған байланысты алдау немесе сеніміне кіру арқылы біреудің ақшалай қаражатын заңсыз иемденуге бағытталған нақты әрекеттерге бөлінеді (несиелеу барысында алаяқтық; құжатты төлеу құралдарымен, чектермен, векселдермен, банктік пластик карточкаларымен және т.б.)

Алаяқтықты жасау кезеңі барысында қылмыскерлердің негізгі әрекеттері банкке жалған құжаттарды тапсырудан көрініс табады (кепіл хаттары кепілдемелер, чектер, векселдер, банктік пластик карточкалары, аккредитивтер және қатаң есепте болатын басқа да қаржылық құжаттар).

Банктік жүйеде алаяқтықты жасыру анықтамасына келер болсақ, деп қылмысты жасыру мақсатында қасақана әділеттілікті болдырма, толық немесе бөлшекте кінәлінің жауапкершіліктен жалтаруы. Жауапкершіліктен жалтару кезеңінде алаяқтық әрекеттері уақыттың даму варианттарын аса қауіпсіздігі туралы оның елестетуінде айқындалады. Осыған байланысты, жасалған қылмысты жасыру бойынша бүркемелік әрекеттерді жүргізу, көбіне, жәбірленуші мен құқыққорғау органдары үшін алаяқтық сипаттағы әрекеттің болғаны жайлы дәлелдейтін мән - жайлардың болуымен, тұлғаны бекіту мүмкіндігімен және алаяқтық іздестіру әрекеттерімен сипатталады.

Заманға сай алаяқтық операциялар амалдары толық құрылымды болып келеді, алайда, оларды жасыру көбіне дайындық кезеңінде жүзеге асырылады, өйткені құқыққа қарсы актінің ой мақсаты мүдделі тұлғалардың оны заңды әрекет ретінде қабылдап түсінуінен тұрады, ал алаяқтықтың пәнін алу оны жасыру әрекетісіз жасалынбайды.

Литература:

1. **Шавер В.М.** Об основных принципах частной методики расследование преступлений [Текст]// Социалистическая законность. 1998г. №1. - С. 46.
2. **Борзенков Г.Н.** Ответственность за мошенничество (вопросы квалификации) [Текст]. - М.: Юридическая литература, 1971. – С.145.
3. **Сабитов Р.А.** Обман как средство совершения преступления [Текст]. - Омск,1980г. – С.82.
4. **Сатуев Р.С., Шраер Д.А., Яськова Н.Ю.** Экономическая преступность в финансово-кредитной системе [Текст]. – М., 2000г. – С.46.
5. **Якимович Е.Я.** Способы мошенничества с использованием платежных банковских карт [Текст] // Юридический консультант. 2005. № 10. – С.76.
6. **Яни П.С.** Экономические и служебные преступления [Текст]. – М.,1997г. – С.139.

References:

1. **Shaver V.M.** Ob osnovnih principah chastnoi metodiki rassledovanie prestuplenii [Text]// Socialisticheskaya zakonnost. 1998g. №1. - S. 46.
2. **Borzenkov G.N.** Otvetstvennost za moshennichestvo - voprosi kvalifikacii [Text]. - M. - Yuridicheskaya literature , 1971. – S.145.
3. **Sabitov R.A.** Obman kak sredstvo soversheniya prestupleniya [Text]. – Omsk.,1980g. – S.82.
4. **Satuev R.S., Shraer D.A., Yaskova N.Yu..** Ekonomicheskaya prestupnost v finansovo-kreditnoi sisteme [Text]. – M., 2000g. – S.46.
5. **Yakimovich E.Ya.** Sposobi moshennichestva s ispolzovaniem platejnih bankovskih kart [Text] // Yuridicheskii konsultant. 2005. № 10. – S.76.
6. **Yani P.S.** Ekonomicheskie i slujebnie prestupleniya [Text]. – M.,1997g. – S.139.

Сведения об авторе

Хакимова Гульнара Еркеновна – заведующая кафедрой гражданского права и процесса Костанайского государственного университета имени А.Байтурсынова, кандидат юридических наук, доцент. Г.Костанай, ул.Байтурсынова, 47, тел.390612; e-mail: gulnara.hakimova@mail.ru

Khakimova Gulnara - Candidate degree in jurisprudence, Head of the Department of Civil Law and Procedure Kostanay State University im. A. Baytursynova, assistant professor. Kostanay Baitursynov St., 47, phone 390612; e-mail: gulnara.hakimova@mail.ru

Хакимова Гүлнара Еркінқызы – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті азаматтық құқық және іс жүргізу кафедрасының меңгерушісі, заң ғылыми кандидаты, доцент. Костанай қаласы, Байтұрсынов көшесі, 47, тел.390612; e-mail: gulnara.hakimova@mail.ru

УДК 369.8

ПОСОБИЯ И ВЫПЛАТЫ ПО ПОТЕРЕ РАБОТЫ В КАЗАХСТАНЕ

Ержанова К.А. - магистрантка Костанайского государственного университета имени А.Байтурсынова, г. Костанай

Мендыбаев А.Р. - магистрант Костанайского социально-технического университета имени академика З.Алдамжар, г. Костанай

В статье раскрыты особенности предоставления пособий и выплат по потере работы гражданам в Республике Казахстан с учетом социально-экономического развития, совокупности ряда факторов, обуславливающих актуальность их получения. Сделаны выводы о возможности изменения их размеров согласно правовому статусу. Раскрыта тенденция к увеличению числа граждан, потерявших работу в кризисные периоды. Отражены последствия потери работы на социально-экономическом развитии страны, связанные сокращением в отдельных значимых для государства областях экономики. Проанализированы выплаты и пособия по потере работы с правовой позиции. Даны классификация видов выплат и пособий по потере работы. Рассмотрена социальная уязвимость граждан, потерявших работу. Проанализированы статьи Трудового Кодекса Республики Казахстан и предложены меры оптимизации по выплате пособий. В статье поставлены проблемные вопросы, связанные с развитием социально - экономических отношений в государстве во взаимосвязи с поддержкой граждан, потерявших работу и определены основные пути их решения. Помимо данных вопросов рассматриваются размеры компенсационных выплат по потере работы, предлагается аргументированное их увеличение. Вопросы выплат и пособий по потере работы авторы считают гарантией социальной защиты в правовом государстве.

Ключевые слова: выплата; пособие; потеря работы; уровень социально - экономического развития, правовой статус; минимальный и максимальный размер пособий, компенсационные выплаты.

ҚАЗАҚСТАНДА ЖҰМЫСТЫ ЖОҒАЛТУ БОЙЫНША ЖӘРДЕМАҚЫЛАР МЕН ТӨЛЕМДЕР

Ержанова К.А. – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің магистранты, Қостанай қ.

Мендыбаев А.Р. – З.Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университетінің магистранты, Қостанай қ.

Мақалада Қазақстан Республикасында жұмысты жоғалту бойынша жәрдемақылар мен төлемдерді ұсыну ерекшеліктері әлеуметтік-экономикалық даму, оларды алу өзектілігін ескертетін бір қатар факторлардың жиынтығы есебімен ашылған. Құқықтық мәртебеге сәйкес олардың көлемін өзгерту мүмкіндігі туралы қорытынды жасалған. Дағдарыс кезеңдерінде жұмысты жоғалтқан азаматтардың саны көбею үрдісі анықталған. Мемлекет үшін бөлек маңызды экономикалық салаларда қысқартуымен байланысты жұмысты жоғалту салдары елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында көрсетілген. Жұмысты жоғалту бойынша жәрдемақылар мен төлемдер құқықтық тұрғыдан талданған. Жұмысты жоғалту бойынша жәрдемақылар мен төлемдер түрлерінің классификациялауы берілген. Жұмысты жоғалтқан азаматтардың әлеуметтік әлсіздігі қарастырылған. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің баптары талданған және жәрдемақыларды төлеу бойынша оңтайландыру шаралары ұсынылған. Мақалада олардың жұмыс орындары мен оларды шешу жолдарын негізгі айырылған азаматтардың қолдауымен бірлесіп мемлекет әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастарды дамытуға қатысты алаңдаушылық мәселелері көтеріледі. Осы мәселелер мен қатар, жұмысты жоғалтқан үшін өтемақы өлшемдері саналып, оларға дәлелді өсуін ұсынылады. Жұмыспен қамту жеңілдіктері мен жәрдемақыларды жоғалту туралы сұрақтарды заңды мемлекетте әлеуметтік қауіпсіздік кепілдігін авторлар қарастырады.

Түйінді сөздер: төлем; жәрдемақы; жұмысты жоғалту; әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі; құқықтық мәртебе; жәрдемақылардың ең аз және ең жоғары мөлшері, компенсациялық төлемдер.

BENEFITS AND PAYMENTS FOR LOSS OF WORK IN KAZAKHSTAN

Yerzhanova K. A. - undergraduate of the Kostanay State University named after A.Baitursynov, Kostanay.

Mendybayev A. R. - undergraduate of the Kostanay Social Technical University named after Z.Aldamzhar, Kostanay